



ХҒТАР 06.71.51
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-2-329-349>

Қазақстан Республикасында экологиялық қонақ үйлерді дамыту

Р.Е. Ағыбетова^{*1}, А.Т. Смайл², А.М. Касымова³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

(E-mail: ¹agybetova@mail.ru, ²aqerke.smail@mail.ru, ³aiko_1990kz@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақстанда экологиялық қонақ үйлерді дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мақалада жасыл қонақ үйлердің мәні, даму тарихы және экономикалық функциялары қарастырылады, елдегі эко қонақ үйлердің қазіргі жағдайының статистикасы талданды. Экологиялық қонақ үйлерді дамыту бойынша шетелдік тәжірибелер сараланды, республикада бар эко қонақ үйлердің қызметіне салыстырмалы талдау жасалды. Қазақстан өңірлерінде өздерін туристік экологиялық орналастыру орындары ретінде көрсететін қонақ үйлер қызметтерінің көлеміне талдау жүргізілді, олардың халықаралық стандарттар көрсеткіштеріне негізгі сәйкессіздіктері анықталды. Қазақстандағы экологиялық туризм және эко қонақ үй бизнесі саласындағы кәсіпкерлік қызметтің кеш қалыптасуы аясында оның даму перспективалары қарастырылды.

Заңнамалық нормалар мен эко таңбалау жүйесінің жеткіліксіз дамуы мен, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, еліміздің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін бірегей және мамандандырылған эко қонақ үйлерге арналған стандарт жобасы әзірленді. Берілген ұсыныстар заманауи туристік экономиканы дамытуға, шетелдік туристерді тартуға, сондай-ақ экологиялық таза, органикалық және экономикалық тиімді өнімдер мен қызметтерді ұсынуды қамтамасыз етуге бағытталған. Экологиялық туризмге инвестициялар халықтың денсаулығын нығайтуға, экологиялық білім беруді дамытуға, сондай-ақ өңірлік және ұлттық экономикаға оң әсер етеді. Сондықтан, осы саланы дамыту, мемлекеттік қолдау және инвестициялар тарту мәселелері еліміздегі туристік және қонақ үй саласының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарттары ретінде қарастырылды.

Түйін сөздер: экологиялық туризм, тұрақты қонақ үй, эко қонақ үй, эко стандарт, эко сертификат, эко белгі.

Received 09.12.2024. Revised 11.05.2025. Accepted 14.06.2025. Available online 30.06.2025

Кіріспе

Қазіргі таңда туристік қызмет саласы экономикалық, әлеуметтік және мәдени алмасу тұрғысынан оңды болып қарастырылса да қоршаған ортаға белгілі бір деңгейде кері әсерін көрсететін тұстары да бар. Мұның себебін күнделікті дамып жатқан инфрақұрылыммен, көлік пен тасымал түрлерінің дамуы – логистикамен, белгілі бір аймақтарға баруға жаппай сұраныстың артуымен, яғни, жаппай туризммен және аталып өткен процестерден шығатын қалалық шумен түсіндіруге болады.

Туризм адам мен табиғат арасындағы байланыстырушы буын болғандықтан, сыртқы ортаның өзгерістеріне сезімтал болып келеді. Саяхатты қоршаған ортаға қауіпсіз экотуризмнің бір бөлшегіне айналдыру үшін, осы күрделі және қарама-қайшы тенденцияларды басқаруды игеру қажет, антропогендік өзгерістер әсерінен болатын, табиғатқа залал келтіретін жағымсыз әсерлерді азайту және туризмнің оң әсерлерін барынша арттыру керек.

Осылайша тұрақты тепе-теңдік принциптеріне негізделген эко қонақ үйлер ретіндегі туристерді орналастыру орындарының дамуы мен артуы экотуризмнің елімізде дамуына септігін тигізеді. Сонымен қатар, еліміздің туризм саласынан зардап шегетін экологиялық мәселелердің шешімін қарастырады.

Қазіргі таңда әлем бойынша туристердің экологиялық сауаттылықтарының артуына байланысты, көптеген саяхатшылардың экологиялық таза орналастыру орындарын сұрауы, табиғатқа зиянсыз қызмет пен өнімді таңдау тренді жаһандық нарықта күн санап артып жатқандықтан біздің елімізде де осы өзгерістерге бейімделу қажет. Ол үшін жалпы бұл салада бірнеше жылдар қызмет атқарып, тәжірибе жинаған, экологиялық қонақ үйлердің функциясын, құру жобасын, нарықтағы орнын білетін, қауіпсіз қызмет пен жергілікті қауымдастықтармен жұмысты ұштастыра білетін шетел тәжірибесін қарастырып, еліміздегі қазіргі бар эко қонақ үйлерді салыстырып зерттеп, талдау жасап, әлсіз тұстары мен даму жолдарын қарастырған өте маңызды.

Әдеби шолу

Бірқатар зерттеулер қонақ үй кәсіпорындарының экологиялық бағытталуы мен олардың табыстылығы арасындағы оң корреляцияны атап көрсеткен. Ғадымдар Ки-Сук Ли, Дон-Су Хан және Сан-Ког Ким өз мақалаларында қонақ үйдің "жасыл бейнесі" қонақтың қайта келу ықтималдығын, сондай-ақ оң пікірлер алу ықтималдығын арттыратынын жазды. Джейн М. Роджерсон мен Скотт Симс экологиялық тәжірибені жүзеге асыратын қонақ үйлер бәсекеге қабілетті деп санайды. Мигель Анхель Молинер, Монферрер Тирадо, Марта Эстрада Гильен және Мария Родригес-Артола қонақ үйлердің экологиялық бағыты бизнесті дамытудың сәттілігіне тікелей оң әсер етеді деген тезисті растады.

Джум Т. А., Денисова Н. И. еңбектерінде "жасыл" тәжірибелер "қоршаған ортаны қорғау бастамаларына қатысатын қонақ үй бизнесіне пайда әкелетін бизнес стратегиясы" ретінде анықталады [1]. Ынха Мён, А. Макларен және Лан Ли жасыл тәжірибелер қозғалыстарды азайту және жасыл материалдар мен ресурстарды пайдалану бойынша экологиялық шараларды қабылдау арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға

бағытталған деп мәлімдейді. Е. Ю Никольская пікірінше, жасыл технологияны қолдану өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу және экологиялық сатып алу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді жояды [2]. Қорытындылай келе, қонақ үй бизнесіндегі жасыл технологияларды бизнесті жүргізуге мүмкіндік беретін экологиялық таза технологиялар ретінде қарастыруға болады, осылайша қызмет нәтижесінде қалдықтар азаяды, ресурстарды үнемдеу болады, қоршаған ортаны сақтау немесе тіпті "сауықтыру" үрдісі қалыптасады [1].

Бірнеше зерттеулер қонақ үй нарығы қатысушыларына жасыл тәжірибенің таралуының үш негізгі себебін анықтады: экономикалық пайда, қонақ үй өнімінің қонақтардың қажеттіліктеріне бағдарлануы, сондай-ақ мүдделі тараптармен қарым-қатынасты қалыптастыру. Эйкло Бунк пен Эдвин Ван Дерверф эко таңбаның негізгі себептері қоршаған ортаның пайдасы мен қонақ үй имиджінің жақсаруы болды деген қорытындыға келді.

Қазіргі бизнеске қатысты қонақ үй кәсіпорнын дамытудың жасыл бағыты тек ішкі факторларға ғана емес, мысалы, менеджменттің экологиялық мәселелерге немесе кәсіпорынның қаржылық мүмкіндіктеріне қатынасы ғана емес, сонымен қатар сыртқы факторларға, экологиялық нормативтерге немесе экология саласындағы мемлекеттік саясатқа байланысты екенін ескеру қажет [3].

Экологиялық қонақ үйлер – теріс әсерлерді азайту арқылы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған қонақ үй. Бұл мақсатқа қоршаған ортаны қорғауға бағытталған арнайы шараларды енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Мұндай шараларға: суды және энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу, қонақ үйді рәсімдеу кезінде қайта өңделген материалдарды пайдалану, объектілерді басқарудың ақылды жүйелерін енгізу, соның ішінде қалдықтарды бөлу және азайту қарастырылады [4].

Экологиялық қонақ үйлерде арнайы экологиялық сертификат болуы және болмауы мүмкін. Сертификат болған жағдайда қонақ үй кәсіпорнының табиғатты үнемдейтін технологияларды пайдалануына кепілдік беріледі, ал сертификаттың болмауы эко-қонақ үйлердің өз имиджін көтеруге және экологиялық бағдарланған тұтынушылардан бағалануларына кедергі болмайды. Көптеген эко-қонақ үйлер табиғи аймақтарда болса да, ірі қалаларда "жасыл" немесе "Эко-достық" деп белгіленген қонақ үйді табуға болады [3].

Зерттеу әдістері

Қарастырылған материалдарды тиімді жүйелеу үшін ғылыми зерттеудің теориялық және аналитикалық әдістері қолданылды. Эко қонақ үйлердің жалпы сипаттамасы мен олардың қызметінің негізгі бағыттарын саралау синтез әдісі арқылы жасалынды. Әлемдік қонақ үйлер қызметінің қоршаған ортаға қаншалықты әсер етіп жатқан деңгейін анықтау үшін, осы мәселе бойынша әлемдік қонақ үй нарығындағы "эко қонақ үй" ретінде аталатын тұрақты даму шешіміне жеткен қонақ үйлер, олардың қазіргі нарықтағы рөлдері, сонымен қатар олардың даму жолдарын анықтау үшін жалпылау мен дедукция әдістері қолданылды. Бұл әдістер әртүрлі әдебиет көздерінен алынған мәліметтерді жинауға және талдауға, қорытынды жасауға, зерттелетін объектінің жалпы тенденцияларын анықтауға пайдаланылды. Сонымен қатар, жалпыдан нақтыға көшу зерттеу объектісінің мәніне тереңірек қарауға мүмкіндік болды.

Экологиялық қонақ үйлерді дамытудың шетелдік және отандық тәжірибесін салыстыру, айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтау және белгілі бір қорытындылар алу мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, сертификаттау жүйесінің сертификаттау процесі арқылы расталатын халықаралық экологиялық стандарттар бағыттары мен деңгейлері зерттелді.

Еліміздегі қонақ үй бизнесі саласында экологиялық сертификаттау және стандарттау жүйесін әзірлеу және енгізу қонақ үйлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға және елдегі тұрақты туризмді қалыптастыруға ықпал етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалану есебінен қонақ үйлердің эксплуатациялық шығындарының төмендеуі, шағын және орта бизнес кәсіпкерлерінің «жасыл» технологиялар мен қызмет көрсетуін ынталандыра отырып, туризмнің тұрақты түрлерін қалайтын тұтынушыларды тартуға болады. Бұл шара экологиялық жауапты туристік бағыт ретінде Қазақстанның оң имиджін нығайтады.

Нәтижелері мен талдаулар

Әлемдік қонақ үйлер тұрақты тәжірибелер мен жасыл бастамаларды көбірек қолданады. Бұл трансформация тек альтруизм және әлеуметтік қысыммен емес, ұзақ мерзімді шығындарды басқару, тұтынушылардың қалауларын өзгерту және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтау қажеттілігі ретіндегі дұрыс бизнес стратегияларымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, бұл жаһандық жасылдандыру тұрақты экономика бейнесіне еніп, жердегі ресурстарды үнемді пайдалануға көшті.

Су ресурстары бойынша өткен жылы Қазақстанның тұрғындары 671 941 мың текше метр су тұтынған. Жыл сайын коммуналдық қалдықтардың көлемі де артып келеді. 2024 жылы қалдықтардың жалпы көлемі 4,8 млн тоннаны құрады, оның 25,8% қайта өңдеуге жіберілді. Өткен жылы коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды ұйымдастыруға 729 кәсіпорын жұмылдырылды [5].

Әлем бойынша қонақ үй индустриясы қоршаған ортаға, ең алдымен, суды, электр энергиясын тұтыну, әртүрлі қалдықтарды игеру және химиялық заттарды пайдалану арқылы айтарлықтай әсер ететінін төмендегі суреттен көруге болады (Сурет -1):



Сурет 1 Қонақ үйлердің қоршаған ортаға әсері


Ескерпе: авторлармен құрастырылған

Алдымен, мұхиттарды ластайтын ең маңызды фактор – синтетикалық жуғыш заттар. Қонақ үйлерде олар барлық жерде қолданылады: тазалау кезінде, дезинфекция және дезинсекциялау үшін, мейрамханаларда (ыдыс жуу және т.б), ең бастысы, қолданылатын орамалдар мен төсек-орынның үлкен санын күнделікті жуып тазалау кезеңінде. Қонақ үй сонымен қатар электр энергиясын көп тұтынады, оны жарықтандыруға, жылытуға, тағам дайындауға, шаңсорғыштар мен кір жуғыш машиналарды пайдалануға жұмсайды. Адамдардың әрқашан қоқыс тастайтынын да ұмытпау қажет, неғұрлым көп адам болса, соғұрлым қалдықтар да көп болады.

Қонақ үйдің энергетикалық шешімдері (HES) жобасының есебіне сәйкес қонақ үйлер мен басқа да орналастыру түрлері туризм секторының 5% жаһандық CO₂ шығарындысының 2% құрайды (әлемдегі көмірқышқыл газының 17,5%). Қонақ үйлердің қоршаған ортаға әсерінің 75% ресурстарды шамадан тыс тұтынумен тікелей байланысты болуы мүмкін және бұл қажетсіз операциялық шығындарды тудырады деп бағаланды [6].

Осы мәселелерді қозғай отырып, қоршаған ортаға залалын барынша төмендетіп, экотуризм принциптерімен жұмыс жасайтын экологиялық қонақ үйлер мен шағын қонақ үйлердің дамуын шетел тәжірибесінен қарастыруға болады.

Бұл бағытта барынша белсенді дамып, эко қонақ үйлер салуға күш салып жатқан бірқатар Европа елдері мен Азия мемлекеттері. Рекреацияның осы түріне көбірек көңіл бөлетін елдер рейтингінде Италия көш бастап тұр, Германия екінші орында, Франция үздік үштікті жабады (Сурет-2):



Сурет 2 Экологиялық қонақ үйлер саны бойынша әлем елдерін рейтингі

Ескертпе: [7] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

2023 жылдан бастап экологиялық қонақ үйлер саны ең көп елдер арасындағы ТОП-10 рейтингінің қорытындысы бойынша бірінші орынды 3500 эко қонақ үйімен Италия, екінші орында – Германия (2400), әрмен қаратай – Франция (2000) иеленді. Айта

кету керек, бұл қонақ үйлер өзге туристік нысандардан бірқатар практикалық айырмашылықтары бар. Атап айтқанда, олар қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендету, атмосфераға көмірсутек газдарының шығарылуын азайтуға бағытталған инновациялық және технологиялық шешімдерді енгізу арқылы жұмыс істейді. Сонымен қатар, олар халықаралық және аймақтық деңгейдегі экологиялық әрі энергияны үнемдеуге бағытталған бағдарламаларды іске асырып, дәстүрлі емес жылу мен энергия көздерін (мысалы, күн панельдері, күн коллекторлары, жел генераторлары және т.б.) қолданатын қонақ үйлер.

Бұл процесте экологиялық білімі жоғары еуропалық туристердің саны белсенді түрде артуда, нәтижесінде бүкіл әлем бойынша көптеген зерттеулер көрсеткендей, экологиялық жауапты қонақ үйлерге сұранысты жоғарыдағы мемлекеттерде трендке айналуымен түсіндіруге болады.

«Өндіріс пен тұтынудың жасыл концепциясына» сәйкес орналастыру және тамақтану қызметтерін ұсынатын қонақ үйлерді қонақ үй бизнесіндегі жаңа трендке айналдыру қажет. Шетелдік тәжірибелер бойынша экологиялық қонақ үй шын мәнінде экологиялық, әрі «жасыл» болып танылу үшін оған міндетті түрде белгілі бір жасыл сертификациядан өту қажет. Төменде шетелде танымал жасыл сертификацияны ұсынатын кәсіпорындар көрсетілген:

Жетілдірілген қызмет сипаттамалары қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етуді ескере отырып анықталады. Сертификаттау процесі арқылы расталған халықаралық экологиялық стандарттар талаптарына сәйкес қонақ үйдің жетілдірілген экологиялық көрсеткіштері айтарлықтай бәсекелестік артықшылыққа айналады және дұрыс орналастырылған жағдайда оның қызметтерін нарықта жылжытуға ықпал етеді (Кесте 1):

Кесте 1. Шетелдік эко қонақ үйлерге арналған экологиялық сертификаттар мен стандарттар [8]

	1991 жылы Халықаралық стандарттар қауымдастығы (ISO) қоршаған ортаны басқару ISO 14001 (EMS) стандартын әзірледі. Оны жүзеге асыру үшін ұйым нақты экологиялық саясаттың бар екенін растауы керек. Бұл қоршаған ортаға тигізетін зиянды азайту үшін әрбір кәсіпорын ұстануға тиіс стандарт болып табылады. ISO 14001 стандартының артықшылығы – стандарт кез келген саладағы ұйымдарға бейімделіп, жүйелі экологиялық басқаруға жол ашады. Дегенмен, оны енгізу мен сертификациялау процесі белгілі бір уақыт пен қаржылық ресурстарды талап етеді.
	Green Globe – экотуризмді белсенді түрде насихаттайтын және жүзеге асыратын, 50-ден астам елде жұмыс істейтін, БҰҰ туристік ұйымы мен Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесінің толыққанды мүшесі болып табылатын британдық компания. Бұл сертификаттың халықаралық беделі жоғары, ол туристердің сенімін арттырып, бәсекеге қабілеттілікті көтереді. Алайда, кейбір шағын кәсіпорындар үшін бұл жүйеге қосылу күрделі болуы мүмкін.

	Green Key тек Дания мемлекетінде бар, оның критерийлері әлемдегі ең қатал талаптардың бірі болып саналады. Экологиялық сапа белгісін алмас бұрын компанияның суды тұтыну және үнемдеу стандарттарын белгілеуі, ресурстарды қайта пайдалану жүйесін енгізуі және экологиялық таза органикалық өнімдерді сатып алуы тексеріледі. Green Key-дің қатаң талаптары экологиялық жауапкершілікті күшейтеді, бірақ бұл әр қонақ үйге тиімді бола бермейді. Дегенмен, тұрақты даму жолындағы маңызды құрал екені сөзсіз.
	LEED – бұл күн батареялары арқылы энергияны үнемдеуге және қоршаған ортаны қорғауға арналған жүйе. Бүгінгі таңда бұл жүйені бірнеше қонақ үйлер пайдаланады, олар The Kandalama Hotel (Шри-Ланка), Len Foote Hike Inn, Gaia Napa Valley, Proximity Hotel (АҚШ) және т.б. қонақ үйлер. Бұл заманауи құрылыс пен технологияны экологиямен үйлестіретін стандарт. Ол энергетикалық тиімділікке негізделіп, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді ұсынады. Бірақ құрылыс кезінде бұл стандартты сақтау аса шығынды болуы мүмкін.
	НАС Green Leaf қоршаған ортаны басқарудың қатаң критерийлері бар Канаданың бірінші сертификаттау ұйымы болып саналады. Ол әртүрлі санаттағы 7502 аса қонақ үйлерден тұрады. Компания салықты азайтуды жақтап, қонақ үйлердің имиджін жақсарту бағытында жұмыс жасайды. НАС Green Leaf жүйесі әсіресе Солтүстік Америкада кең таралған. Ол қонақ үйлерге экологиялық имидж қалыптастырумен қатар, қаржылық тиімділік әкеледі. Бұл стандарт біздің елімізде, тіпті Орталық Азияда өкінішке орай жоқ десе де болады.

Ескертпе: әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған [8]

Осы орайда сертификаттау процесі белгілі бір анықталған стандарттарға сәйкестендірілетінін атап өту қажет. Экологиялық қонақ үйдің стандарттары жоғарыда мысал ретінде көрсетілген әлемдік кәсіпорындармен немесе мемлекеттік дәрежеде қарастырылып, сәйкесінше нормативтік құжаттар дайындалады, заңмен бекітіледі.

Мысалы, қазіргі уақытта Түркияда барлық ірі, орта және шағын қонақ үйлерді экоқонақ дәрежесіне көтеру, сол бойынша қонақ үйлерде өзгерістер енгізу және реттеу бағытында бірыңғай саясатты қолға алуда. 2017 жылы Мәдениет және туризм министрлігі, Аланья туроператорлар қауымдастығының № 30101 ALTID экологиялық таза қонақжайлылық стандарты әзірленіп, қонақ үйлерге осы сертификаттандырудан өту белгіленді [9].

Осы Стандарттау туралы заң меншік иесінің немесе жеке кәсіпкердің өтініші бойынша өзін қоршаған ортаға зиянсыз деп танытатын орналастыру объектілерін сертификаттауға өтінімді қамтиды. Ол сондай-ақ, қолдану үшін қажеттілікті, өтінімдерді бағалауды, экологиялық таза орналастыру объектілерін бағалау нысанын, сондай-ақ жіктеу зерттеулерін жүргізу тәртібі мен қағидаттарын реттейді. Регламент 6 тараудан, сондай-ақ 17 баптан тұрады, онда нормативтік құқықтық актілерді, іске асыру мақсатын,

сертификат алуға өтінімдерді қарау принциптерін, қажетті құжаттаманы және өтінімді алдын ала басып шығаруды, экологиялық статусты алу критерийлерін сипаттайды. Осылайша, Алания қонақ үйлер қауымдастығының мәліметтері бойынша, 2024 жылдың қаңтарында Аланиядағы қонақ үйлерінің толтырылу деңгейі өткен жылмен салыстырғанда жоғары өсуді көрсетіп, 23% артық деңгейде болды [10].

Көршілес Ресей мемлекетіндегі экологиялық стандарттарды қарастыратын жобалар мен заңнамаларының негізгі активі мәдени мұраны қорғау, қонақтарға жергілікті мәдениетпен араласуға мүмкіндік беру, аймақ экономикасын қолдау, жергілікті халықты жұмыспен қамтуды, сауданы ынталандыру бойынша іс-шаралар кешені ұйымдастырылуды қарастырады. Мұның ерекшелігі қонақ үйлер тек экологиялық таза аймақтарда орналасып қана қоймай, табиғи мұраны сақтауға, қалпына келтіруге бағытталған түрлі эко жобаларға қатысады. Эко қонақ үйлерді дамытудың шетелдік тәжірибесі бұл саланың сұранысқа ие және адамзаттың экологиялық және әлеуметтік мәселелерін шешуде маңызды екенін көрсетеді.

Еліміздің экологиялық қонақ үй саласын дамыту мен қолға алу тәжірибесіне қарасақ, оның жетілдірілмеген жағдайын көруге болады. Мұның басты себептерінің бірі мемлекет тарапынан әзірленген заңнама жүйесі экологиялық қонақ үйлерге, оның саясаты мен белгілі бір стандарттарының қарастырылмағанына байланысты.

Алайда, елімізде өзін негізсіз «жасыл» шағын қонақ үйлер деп анықтап, сәйкес-сіздікпен жұмыс жасап, қызмет көрсететін туристерді орналасыру орындары көп. Greenwashing – «жасыл» PR мен әдістер кеңінен қолданылатын экологиялық маркетинг нысаны, жеткілікті сәйкестік негіздері жоқ тауар/қызмет компаниясының экологиялық позициясы. Бұл шешімді 1986 жылы Джей Вестервелд қонақ үйлер үшін ұсынған [11]. Сол кезде бөлмелерде қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін орамалдар мен төсек-орындарын ауыстырмауға шақыратын белгілер пайда бола бастады. Дегенмен, көп жағдайда бұл тәжірибенің экологиялық тазалыққа ешқандай қатысы жоқ екенін байқауға болады (Кесте 2):

Кесте 2. Қазақстандағы экологиялық туристік орналастыру орындары [15]

Атауы	Орналасқан орны	Ерекшеліктері
Ой-Қарағай Лесная Сказка	Алматы	6 гектардан астам аумақта орналасқан, белсенді демалыс пен табиғатпен қарым-қатынас жасауға арналған барлық маусымдық көп функциялды курорт. Теңіз деңгейінен 1650 метр биіктікте орналасқан қылқан жапырақты ормандар қорғалатын аумақта арнайы жаяу және атқа міну маршруттары жасалған. Бұл расында қолайлы туризм инфрақұрылымымен үйлескен керемет табиғи ландшафт орны болашақта экологиялық қонақ үйлерді орналастыруға әлеуеті бар, саяхатшылады тартуға және өңірде тұрақты туризмді дамытуға ықпал ететіні сөзсіз.
Eco Village	Алматы	Орман ағаштарынан жасалған бөренелер моншасы, ваннаға арналған жабдықтары мен душтары бар. Жазда ашық бассейн, жазғы үйлері бар аула, бақшасы демалуға қажеттіліктермен жабдықталған.

		Шынайы экологиялық стильде жасалған, ауыл өміріне жақын атмосфера ұсынатын, табиғи құрылыс материалдарын сәтті пайдалануымен ерекшелене түскен бұл орын экологиялық қонақ үй концепциясына жақын келеді.
Qazaq Auyl	Алматы	Медеу шатқалындағы 16 оқшауланған модульдік үй альпі демалысының үздік дәстүрлері мен жайлы қонақ үй нөмірлерімен жобаланған. Экологиялық таза материалдардан жасалған жабдықтар: ағаш, металл, тас, эко жүн және т.б ерекшеленеді. Бұл кешен - этнотуризм мен экотуризмнің түйіскен нүктесі. Эко-принциптер мен ұлттық мәдениеттің үйлесуі отандық туризмге ерекше үлес қосады. Болашақта осы концепциямен жасалынған эко қонақ үйлерді дамытуға да болады.
Tenir	Алматы	Тенир эко-қонақ үйі экологиялық таза бастамаларды енгізу, ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану, жылу оқшаулау, зиянды құрылымдардың жоқтығы, биосептикалық жүйе арқылы қоршаған ортаға әсерін барынша азайтады, ал қонақ үйдің басты басымдығы экологиялық қауіпсіздік болып табылады.
Заречье	Алтай, Шығыс Қазақстан	Шағын қонақ үйлер экологиялық таза материалдан - ламинатталған ағаштан жасалған, интерьерде табиғи реңктегі дизайн қолданылады; оларда жайлы тұру, органикалық тағам және белсенді демалыс үшін қажет нәрсенің барлығы бар. Табиғи ортада тыныштық пен жоғары жайлылықты қалайтын туристер үшін мінсіз орын. Алайда елімізде эко қонақ үйлерін дамыту жолында осы туристік аймақтағы жарнамалау жұмыстарының төмендігі мен бағасының қарапайым халыққа қолжетімсіздігін ескеру қажет.

Ескертпе: әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды [15]

Көптеген қазақстандық эко қонақ үйлерде экоконтцепцияларды толық стандарттау жоқ, өйткені олардың көпшілігі өз қызметтерінде 21 ғасыр технологияларын пайдаланады, Wi-Fi, теледидарлар, энергияны үнемдеу, сонымен қатар, қалдықтарды қайта өңдеу технологияларының жоқтығы, бірақ жай ғана экологиялық таза дизайн бойынша салынған. Яғни, ағаш, таст.б. сияқты экологиялық таза материалдарды пайдалану арқылы өздерін «жасыл» қонақ үйлер деп атайды. Сонымен қатар, тек көбінесе бір аумақта (Алматы облысы) ғана шоғырланған. Сондықтан да, эко қонақ үйлердің жобасы, жұмыстың орындалу нормасы, құрылысқа және пайдалануға қатысты қолданыстағы материалдарды қадағалайтын шетел тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекет тарапынан қабылданған заңдар мен ереже талаптар бекітілуі керек. Бұл қонақ үйлер тарапынан туындайтын қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерлерді барынша азайтады.

Дегенмен, республикада «өндіріс пен тұтынудың жасыл тұжырымдамасына» сәйкес орналастыру және қоғамдық тамақтандыру қызметін көрсететін қонақ үйлерді дамыту қонақ үй саласын дамытудың жаңа бағыты екенін ұмытпаған жөн. Зерттеу нәтижелері

бойынша республикадағы «жасыл» қонақ үй индустриясының қызмет тәжірибесі рекреациялық аймақтарда экотуризмнің дамуына қарамастан даму сатысында.

Сондай-ақ 2005-2008 жылдары Қазақстан Туризм Ассоциациясы (ҚТА) USAID және Еуразия Қорының қаржылық қолдауымен «Қоғамдық негіздегі туризм» жобасын сәтті жүзеге асырды, оның аясында 11 қауымдастық (88 қонақ үй) ашылды [12]:

- Көкшетау, Қорғалжын (Солтүстік Қазақстан),
- Катонқарағай, Риддер (Шығыс Қазақстан),
- Жабағылы, Өгем (Оңтүстік Қазақстан),
- Қарқаралы (Орталық Қазақстан),
- Лепсинск, Саты, Аманбахтер, Талғар (Алматы облысы).

HOSPITALITY KAZAKHSTAN деректеріне сәйкес 2021 жылға дейін жүзеге асырылған жобалар нәтижесінде 2008 жылдан 2021 жылға дейін қонақ үйлердің саны 95 бірлікке (107%), ал SVT қауымдастықтарының саны 13 бірлікке (118%) екі есе артқанын көруге болады [13].

Барлық деңгейлерде (туристер, жергілікті тұрғындар, туроператорлар, мемлекеттік органдар және басқа да мүдделі тараптар) ауылдық экотуризмге, экологиялық орналастыру орындарына қызығушылықтың айқын артып келе жатқандығына байланысты ҚТА өңірлерде экологиялық және ауылдық туризмді дамыту бойынша жұмысты жалғастыруды және жетілдіруді жоспарлап отыр. Осы тарапта Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Туристік және экскурсиялық қызметтер. Қонақ үйлер ретіндегі бірегей стандарттар бекітіліп ҚТА тарапынан ауылдық қонақ үйлерді сертификатталу өткізілді. Осылайша, осы сертификаттардың стандартын қамтамасыз ету арқылы қонақ үйлер келушілерді көбірек тарта отырып, экологиялық туризмдегі позицияларын нығайтады. Қазіргі уақытта Қазақстанда әртүрлі ауылдық аймақтардан стандартты нормалардан өтіп, осы сертификатты алған 70-тен астам қонақ үйлер бар (Сурет – 3):



Сурет 3 Қазақстанның туристік қауымдастығымен (ҚТА) стандарттар негізінде әзірленген қонақ үйлерді сертификаттау жүйесі

Ескертпе: [14] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды

Алайда жоғарыдағы көрсетіліп кеткен сертификаттау жүйесіндегі талаптар экологиялық қонақ үй деңгейіне жетпейді, тек ауылдық қонақ үй ретіндегі статусты ала

алады. Шетелдік тәжірибедегі мысал ретінде көрсетіліп кеткен стандарттау жүйесі мен сертификатталу процесінен қонақ үйлер өту үшін бірнеше деңгейлерден өтеді, өзінің эко қызметтерін «жасыл» технологиялармен, суды, энергияны үнемдеу, баламалы энергия көздерінің пайдаланып, тұрақты (sustainable) позициясын көрсету қажет. Ал жоғарыдағы сертификаттау процесі әлемдік деңгейге жетпейді, себебі сертификатталатын қонақ үйлер эко саясатын ұстанатын қонақ үйлер емес, тек «ауылдық қонақ үй» дәрежесін алу үшін өтеді.

Әлемдегі экологиялық жағдайды жақсарту әрқашан адам өміріндегі әртүрлі салаларда, оның ішінде қонақ үй шаруашылығына жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді талап ететін өзекті тақырып болып отыр. Қонақжайлылық саласындағы заманауи жаһандық инновациялар арасында тұрақтылық қағидаттары танымал болуда. Экологиялық инновациялар – өндірісті ұйымдастырудың жаңа концепциялары, өнімдері, технологиялары және әдістері, оларды пайдалану қоршаған ортаның ластануын немесе адамның шаруашылық қызметінің басқа да жағымсыз салдарын төмендететін процестер мен жүйелерден тұрады.

Қазақстандық кәсіпорындардың экологиялық стандарттарды белсендірек енгізуі және эко таңбалауды қолдануы үшін бірнеше маңызды міндеттерді шешу қажет. Біріншіден, заңнамалық деңгейде «эко», «био», «органикалық» терминдерін қолданудың құқықтық негізін әзірлеу қажет, өйткені бүгінгі күні тұтынушылар мен өндірушілер «жасылдандыру» - экологиялық артықшылықтарды негізсіз позициялау проблемасымен бетпе-бет келіп отыр. Бұл дегеніміз жоғарыда атап өткен қазақстандық қонақ үйлердің белгілі бір сертификаттаудан өтпестен, негізсіз түрде «экологиялық қонақ үй» ретінде позициялануы. Тұтынушылар көбінесе қызмет көрсетумен қатар жалған эко өнімге артық төлейді, ал таза табиғи өнім мен қызмет ұсынатын өндірушілер осылай шығынға ұшырай береді. Сонымен қатар, тұтынушылардың «эко» белгісімен сатылатын барлық өнімге сенімін жоғалтады.

Екіншіден, «жасылдандыру» мен тәуелсіз эко таңбалар мен басқа да экологиялық белгілердің айырмашылығын мүмкіндігінше көп тұтынушылар түсінуі үшін жаппай экологиялық оқытуды ұйымдастыру қажет. Себебі, егер тұтынушы сенімсіздік білдіріп, жалған «экологиялық қонақ үй» қызметін сатып алып, шын мәнінде оның негізсіздігін білген жағдайда, туристің сенімі жоғалады. Сондықтан да бұл мәселені мемлекет деңгейінде қарастырып, болашақта эко стандарттар заңнамасы әзірленіп, сол жүйе бойынша эко таңбалар мен сертификаттар жобасы қарастырылу қажет. Өкінішке орай, еліміздегі экология және туризм саласына қатысты заңнамаларында қонақ үйлердің қызметінде іс жүзінде экология, қоршаған ортаға залал және кәсіпорындардың зиянды әсерін азайту мәселелерін қарастырмайды.

Жоғарыда келтірілген талдауға сүйене отырып, эко отельдердің көптеген концепциялары мен даму формалары бар, бірақ олардың барлығы шамалы дәрежеде табиғат пен ресурстарға жауапкершілікпен қараудың жалпы, бастапқы тұжырымдамасына салынған деп айтуға болады. Бірақ елімізде нақты құрылымның болмауы сәйкессіздіктер мен субъективті бағалаулардың пайда болуына алып келеді. Нақтырақ айтқанда, қазіргі уақытта Қазақстанда қонақ үйлерді экологиялық және экологиялық емес деп объективті, реттелген негізде бөлу жоқ, оның себептерінің бірі эко қонақ үйлер мен экотуризм ұғымдарының нақты анықтамасының, сондай-ақ эко қонақ үй жобасының ресми нормативтік-құқықтық базасының жоқтығы екенін айту қажет.

Осы мақалада ұсынылған қонақ үйлердің экологиялық стандарттарға сәйкес келуіне мүмкіндік жасайтын экологиялық тәжірибелердің классификациясы қонақ үй иелері мен менеджерлер үшін қызметтеріне нұсқаулық болуы мүмкін. Қарастырылған шетелдік тәжірибелерге сүйенсек экологиялық таза өнімдер мен қызметтерді өндіру саласы 50 жылдан астам уақыт бойы қарқынды дамыған, біз алғашқы қадамдарды 10 жылдан астам жасап келеміз. Осылайша, халықаралық эко қонақ үй нарығын талдау мемлекеттік қолдау, заңнаманы енгізу және реттеу, белгілі бір стандарттар мен эко сертификаттарды белгілеу эко қонақ үйлердің дамуы мен қызметін жақсартатынын көрсетеді.

Жіктеу жүйесінің пайда болуы еліміздегі эко қонақ үйлерді стандарттауды дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ тұтынушыларға көрсетілетін қызметтер туралы барынша сенімді және объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Төменгі 3 кестеде эко қонақ үй қызметтерін стандарттауға бағытталған нормативтік-құқықтық актілердің шетелдік тәжірибеіне сүйене отырып әзірленген жобасы авторлармен ұсынылып отыр. Негізінен, қонақ үйлердің экологиялық қызметтерін стандарттау және құқықтық реттеу төмендегі кестеде көрсетілген талаптарды қамтуы тиіс екені ұсынылады. Әрбір аталып айтылған қадамдардың өз талаптары мен критерийлері болса да, қоршаған ортаны басқару, энергияны, суды үнемді тұтыну, қалдықтарды басқару және азайту, ресурстарды сауатты пайдалану және өнімді қайта қолдану ретіндегі қоршаған ортаға зиянсыз, қолға алу керек шаралар кешенін толықтырып, ұйымдастыру қажет. (Кесте -3):

Кесте 3. Қонақ үйлердің экологиялық қызметтерін стандарттау және реттеу жобасы

№	Жалпы талаптардың атауы
1	Экологиялық қонақ үйлер қызметінің негізгі терминдері мен түсініктері
2	Эко қонақ үйлердің классификациясы, талаптары мен стандарттауы – Территорияға қойылатын талап; – Архитектуралық (дизайндық) талап; – Экологиялық таза материалдарды пайдалану талабы; – Баламалы энергия көздерін пайдалану талабы; – Қайта қолдану іс-шаралары мен технологияға қойылатын талаптар; – Сумен жабдықтауға және су жұмсауға қойылатын талаптар; – Көгалдандыруға қойылатын талаптар; – Органикалық өнімдерге қойылатын талаптар; – Қонақ үйлердің эко инфрақұрылымы үшін материалдарды пайдалану талаптары
3	Эко қонақ үйдің экстерьері мен интерьері
4	Жергілікті қоғамдастықпен, ұйымдармен ынтымақтастықты орнату
5	Орналастыру, бөлме, тариф, төсек-орын түрлері, жарықтандыру, температура және т.б. мәселелер
6	Санитарлық жабдықтар
7	Мәдени демалыс
8	Денсаулықты жақсарту мен белсенді демалыс үшін түрлі мүмкіндіктер
9	Қонақ үйдегі қауіпсіздік талаптары – Өрт қауіпсіздігі

	– Жарақат алу қауіптері
10	Экологиялық қонақ үй персоналына қойылатын талаптар

Ескертпе: авторлармен құрастырылған

Эко қонақ үйлердің артықшылықтарының елеулі тізбесін ескере отырып, теріс тенденцияларды шешу мүмкіндігі экологиялық өнімдер мен қызметтерге айтарлықтай жаһандық сұраныспен расталады, эко стандарттау және сертификаттау туристік тартымдылықты арттырудың перспективті құралы. Мекеменің экологиялық стандарты пен сертификаты қонаққа деген құрметті көрсетеді және бизнестің инвестициялық тартымдылығы мен әлеуметтік жауапкершілігін растайды.

Эко қонақ үй қонақжайлылықтың инновациялық тұжырымдамасы ретінде бірқатар ерекшеліктерге ие, атап айтқанда: табиғи ортаға тәуелділік; экологиялық тұрақтылық; қоршаған ортаны сақтауға үлес; кадрларды экологиялық қолдауды қамтамасыз ету; жергілікті мәдениеттерді есепке алу; жергілікті халық үшін экономикалық қайтарымды қамтамасыз ету. Бұдан басқа, эко-қонақ үйлер келушілерінің қауіпсіз және энергияны үнемдейтін қонақ үйлерде тұратынына сенімді болуы үшін қатаң "жасыл" принциптерді ұстануға бағытталады. Сондықтан, мемлекеттік стандарттау мен сертификаттауды әзірлеуде жоғарыда айтылған талаптарды енгізу қажет болады.

Төмендегі кестеде мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарына сараптама беріліп, оның мүмкіндіктері бағаланып, орын алатын қатерлері туралы берілген SWOT-талдауда көрсетілген (Кесте 4):

Кесте 4. Мемлекеттік стандарттау мен сертификаттауды әзірлеудің SWOT талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз тұстары
– Туристік кәсіпорын зиянды және қауіпті көрсеткіштері жоқ өнім шығарады; – дамудың қаржылық шығындары барынша азайтылады; – қоршаған ортаның, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігі сақталады; – «жасыл» белгісінің болуы; – жасыл өнімдер мен технологиялардың жоғары сұранысқа ие болуы; – тұрақты дамуды ынталандырудың жоғары әлеуеті; – жергілікті қоғамдастықты қолдау.	– Қайта өңдеуге жатпайтын өнімдер; – кәсіпорындарда жасыл технологиялар мен тәжірибенің жоқтығы; – қосымша шығындар; – кейбір эко инновациялар елеулі қаржылық инвестицияларды талап етеді; – еліміздегі бұл саланың дамымауы.
Мүмкіндіктері	Қауіптері
– Ашық нарық бәсекелестіктің салауатты сферасын жасайды; – өнімге де, жалпы кәсіпорынға да арнайы экологиялық таңбалауды енгізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады;	– Жалған жасыл өнімдердің нарықта болуы (гринвошинг); – қызметкерлердің нормалар мен талаптарды сақтамауы;

– сатудың, PR-әрекеттердің, маркетингтің жаңа құралдары пайда болды: ЭКО-стандарт бойынша ұстаным нығаяды; жаңа өнім таңбалауы пайда болады; бренд параметрлері айтарлықтай жақсарады; негіздер бойынша тауарлардың бағасын көтеру мүмкіндігі бар; бәсекелестермен салыстырғанда өнімге ерекше белгілер енгізіледі; тауарларды өткізу көлемі артады; – компания халықаралық тауар нарығына сенімді шыға алады; – шетелдік іскер серіктестермен ынтымақтастық орнату құралдары қолжетімді болды; – компанияның адал экологиялық жағдайы және бұқаралық ақпарат құралдарында танылуы; – корпоративтік команда үшін жаңа мотивация құралы пайда болады, компанияда ішкі мәдениет дамиды; – жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі; – халықты сауаттандыру жұмыстарының жүргізілуі, экологиялық сананың моделін жасау, халықты «өнімге» бейімдеу.	– белгілі бір қызметтерді, тауарларды, жиһаздарды, материалдарды алып қою қызметтерге сұранысқа теріс әсер етуі мүмкін (мысалы, бөлмелерде темекі шегуге тыйым салу, су қысымын шектеу және т.б.); – эко стандарт шарттары іс жүзінде орындалмаса немесе экологиялық инновациядан қоршаған ортаны қорғауға нақты үлес компания келтірген залалдан аз болса, эко қонақ үй ретінде компанияның немесе эко стандарт пен сертификат (эко белгі) беделіне теріс әсер етуі мүмкін; – орта мерзімді перспективада компанияның өмір сүру қаупі.
--	---

Ескертпе: авторлармен құрастырылған

Қарастырылған мәліметтерді саралай келе, эко қонақ үйлер үшін бірыңғай стандарттау мен сертификаттауды құрудың көптеген тиімді жақтары бар екенін, сонымен қатар біздің елімізде экологиялық туризмді дамытуға үлкен мүмкіндіктер беретінін түсінеміз. Төмендегі кестеге сүйене отырып, стандарттауды, сертификаттау индикаторларын және әзірленген локализацияланған критерийлерді біздің еліміздегі мәдени, географиялық, әлеуметтік және т.б ерекшелікпен сәйкес түрде құру үшін эко қонақ үйлер келесі өлшемдерді сәйкестендіруі керек:

- Экологиялық: (экологиялық құрылыс жергілікті материалдардан, энергия, қалдықтар, жылу, ауа сапасы, жерді пайдалану, қонақ үй бақшаларында жергілікті өсімдіктердің түрлерін қайта интродукциялау, органикалық өнімдерді өсіру және т.б.);
- Әлеуметтік: (ынтымақтасу, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, жергілікті бизнесті дамыту, халықты ақпараттандыру және білім беру, әлеуметтік қауіпсіздік және т.б.);
- Экономикалық: (әділ, үнемді баға және энергия мен суды үнемдеу сенімділігі, жақсы қызмет көрсету және т.б.);
- Мәдени: (мінез-құлық ерекшеліктері және т.б.);
- Архитектуралық: (эстетика, жайлылық, безендіру және т.б.);
- Техникалық: (жаңартылған биологиялық тазарту қондырғылары және мүмкіндігінше бақшаны суару үшін суды қайта пайдалану; күн сәулесімен жылытылатын су, тазартылған жаңбыр суы, өзен суларын пайдалану, CFC көміртегі жоқ тоңазытқыштарды пайдалану; ағын су шығынын азайту үшін ваннаның барлық шүмектеріндегі реттегіштер және т.б.).

Елімізде эко қонақ үйлер тұрақты туризмді дамытуда, сондай-ақ елдің экономикалық, экологиялық және мәдени дамуында маңызды рөл атқаратынын атап өттік. Ол үшін эко қонақ үйлерді дамыту теориялық және практикалық шараларды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Төменде екі санаттағы ұсыныстар жоғарыдағы авторлармен келтірілген барлық ақпараттардан қысқартылып, жүйелендірілген формада берілген:

Теориялық шаралар

1. Тұрақты туризм мен эко қонақ үй стандарттарын дамыту:

– ұлттық немесе халықаралық стандарттарды құру (LEED, BREEAM, Green Key мысалындағы...);

– стандартизациялау және сертификаттау әдістерін әзірлеу;

– осы сала бойынша зерттеу және талдау жұмыстарын белсенді жүргізу.

2. Нарық пен мақсатты аудиторияны зерттеу:

– туристер арасында экологиялық қызметтерге сұранысты талдау;

– осы бағыттағы туристердің қажеттіліктері мен қалауларын, жас ерекшеліктерін саралау.

3. Осы саладағы халық арасындағы ағартушылық пен хабардарлық:

– тұрақты туризм және қоршаған ортаны қорғау тақырыптарын ЖОО бағдарламаларына біріктіру.

4. Мемлекеттік қолдау:

– туризм секторындағы «жасыл» бастамаларды қолдау стратегияларын әзірлеу;

– эко қонақ үйлер үшін салықтық жеңілдіктер немесе гранттық қаржыландыру.

Практикалық шаралар

1. Энергияны үнемдеу және ресурстарды тиімді пайдалану:

– күн батареяларын, жарықдиодты жарықтандыруды, энергия тұтынуды бақылау жүйелерін орнату;

– қар және жаңбыр суын қайта өңдеу жүйелерін қолдану.

2. Экологиялық таза материалдар:

– табиғи, қайта өңделетін және жергілікті материалдарды пайдалану;

– бір рет қолданылатын пластиктен бас тарту.

3. Қалдықтарды азайту:

– қалдықтарды бөлек жинау, органикалық қалдықтарды қайта өңдеп пайдалану;

– шығынды азайту, материалдарды үнемді пайдалану, ысырапшылдыққа жол бермеу.

4. Қоршаған ортаға интеграция;

– қоршаған ортаға қауіпсіз қонақ үйлердің санын арттыру;

– биоәртүрлілікті қолдау (ландшафтты жасылдандыру, өсімдіктерді отырғызу).

5. Туристерді қажетті ақпаратпен қамту:

– “Эко және жасыл” саясатты қолданатын қонақ үйлердің мекен-жайы және барлық қажетті ақпараттармен хабардар ету (туристер жылдам әрі жеңіл таба алатындай);

– “Эко және жасыл” саясатты қолданатын туристер үшін бонустар немесе жеңілдіктер беру.

6. Жергілікті қоғамдастықты қолдау:

– жергілікті шаруашылықтар мен қолөнершілердің, егіншілердің өнімдерін сатып алу, пайдалану;

– жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету.

Сонымен, жоғарыда ұсынылған барлық өлшемдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады және қонақ үй қызметінің тұрақтылығына әсер етеді. Басқаша айтқанда, тұрақты қонақ үйде инновациялық технологияларды пайдалану экологиялық және экономикалық қажеттіліктерді қамтамасыз ете алады немесе әлеуметтік-мәдени, сәулеттік және техникалық өлшемдер әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруды қолдайды.

Қорытынды

Эко қонақ үйлер табиғи ортаны сақтауға, қоғамды экологиялық сана мен жауапкершілікке тәрбиелеуге арналған келешегі бар қонақ үйлер, бұл ретте олар тұтынушыларға табиғатпен үйлесімде салауатты демалуға мүмкіндік береді. Дамыған Батыс елдерінің тәжірибесі қонақжайлылық индустриясының зиянды әсерін шектеудің стратегиялары мен жобалары айтарлықтай қол жетімді және тиімді екенін көрсетеді.

Өкінішке орай, Қазақстанның рекреациялық, табиғи аймақтарында тұрақты туризмнің даму тенденциясына қарамастан, «жасыл» индустрияның жұмыс жасау тәжірибесі мен қонақ үйлер саны әлі де даму сатысында. Сонымен бірге экологиялық туризмді дамыту мүмкіндіктерін анықтау саласындағы көптеген отандық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, республикада экологиялық қауіпсіздікке бағытталған орналастыру объектілерін дамытудың үлкен әлеуеті бар деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі осы саланы дамыту үшін әртүрлі ресурстар мен ішкі резервтерге ие бола отырып, шетелдік қонақтар мен отандық туристерге де экологиялық орналастыру орындарының жоғары сапалы жобасын ұсыну қажет. Қазақстанда экологиялық қонақ үйлер мен шағын қонақ үйлердің анықтамасы мен арақатынасын және олардың нормативті-құқықтық базада жіктелуін құру қажеттілігінің өткір мәселесі бар. Сонымен қатар, жасыл қонақ үйлерді жобалау және пайдалану мәселесінің жоқтығы республикада бірыңғай сертификаттау процедурасы мен стандарттарының болмауына байланысты. Бұл еліміздің тұрғындары мен туристердің тұтынылатын қызметтер мен өнімдердің экологиялық тазалығы мәселелеріне төмен тартылу факторын тудырады. Дегенмен, дүние жүзіндегі соңғы экологиялық оқиғалар және пандемия кезеңі тұрақты экономикалық даму, жасыл тұжырымдамалар мен саясаттарды жүзеге асыру, желілік экономикадан жабық циклді экономикаға көшу, туристер үшін қауіпсіз орналастыру орындарын құру қажеттілігін айқын көрсетті. Ұзақ мерзімді және қайта пайдалану ресурстары алдағы онжылдықтарда бұрынғыдан да өзекті бола бастайды.

Осы орайда, елімізде қазірден бастап өздерін эко қонақ үй деп атайтын, туристерді орналасыру орындарына арналып жасалған эко стандарттар нормасы мен эко сертификаттарды әзірлеу жобаларын қарастыру ерекше маңыздылыққа ие болып отыр. Себебі, эко-сертификаттау бағдарламасы тұрақтылыққа назар аударуға және қоршаған ортаға пайда әкеліп қана қоймай, сонымен қатар көбірек туристерді тартуға және экономикалық өркендеуді тудыратын ерекшелікке ие болуға ықпал етеді. Жасыл менеджментке көшудің негізгі критерийлері энергияны, қалдықтарды басқару, суды үнемдеу болып табылады. Экологиялық таңбалау стандарттары компанияларға өндіріс процестерін қауіпсіз етуге, тауарларды өндіруде ресурстарды тиімді пайдалануға және адам денсаулығына қауіпсіз өнімдер жасауға көмектеседі.

Сонымен, жеке қонақ үйлеріндегі эко саясат қызметі әсер ететін шет мемлекеттердің тәжірибесін қабылдау арқылы Қазақстан экотуризмнің даму деңгейін арттырып, эко қонақ үйлердің сапасын арттыра алатынын тәжірибе көрсетті. Қонақ үйді эко қонақ үй ретінде қалыптастыру оның иесіне бірқатар бәсекелестік артықшылықтар береді, олардың ішінде, ең алдымен, жаңа мәртебені жарнамалық мақсатта пайдалану, қызметкерлер мен қонақтар үшін қолайлы микроклиматты құру мүмкіндігін атап өтуге болады. Сондықтан мемлекет үшін табиғатқа және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту саясаты маңызды бағдарламалық мақсаттар мен міндеттердің біріне айналуы тиіс, туристік қызметті жалғастыруды қамтамасыз ету үшін тұрақты даму тұжырымдамасын басшылыққа алу керек.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі:

Р.Е. Агыбетова – мәліметтерді жүйелеу, әдістемені әзірлеу, мәтінді жазу, зерттеу нәтижелерін өңдеу, мақаланың соңғы нұсқасын бекіту, нәтижелерді қорытындылау.

А.Т. Смайл – әдебиеттерге шолу жасау, деректерді жүйелеу, зерттеу деректерін өңдеу, мақала нұсқасын әзірлеу.

А.М. Касымова – деректерді жинау, талдау материалдарын жүйелеу, мақаланы рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Джум Т.А., Денисова Н.И. Организация гостиничного хозяйства. М.: Магистр: ИНФРА-М, 2019. 400 с.
2. Nikolskaya E.Y. et al. (2020) Ecological Certification Of Hotel Business Enterprises: Programs And Technologies. Journal Of Advanced Research In Dynamical And Control Systems, 4, pp. 936-941.
3. Otto O.V. (2020) Vliyanie ekologicheskogo faktora na razvitie gostinichnogo biznesa [Influence of the environmental factor on the development of the hotel business]. Nauka i turizm: strategii vzaimodeistviya [Science and tourism: interaction strategies], 7(5), p. 24.
4. Suvorova I.N., Firsova A.E., Tsunaeva Yu.O., Vorob'eva N.A., Regional and sectoral economy, Economics: Yesterday, Today and Tomorrow. 2023, Vol. 13, Is. 4A.
5. Ұлттық статистика басқармасы. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Қоршаған орта статистикасы [Электрондық ресурс]. - 28 маусым, 2023 – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/environment/stat-eco/> (қаралған күні: 28.06.2023)
6. Energy Solutions for Hotels (HES) <https://www.unwto.org/hotel-energy-solution> (қаралған күні: 28.06.2023)
7. Europe, conscious travel, green hotels [electronic resource]. - 2019 URL: <https://www.onetwothree.com/ru/landings/about/news/pageNews/ecohotels/> (Accessed 13.08.2019)
8. Alliance of permanent hotels. Certificates of hotel sustainability [Electronic resource]. URL: <https://sustainablehospitalityalliance.org/wp-content/uploads/2021/06/Certifications-factsheet.pdf> (Accessed 01.06.2021)
9. Vaske J., Kuss F., Greif A. Visitor Impact Management, National Parks and Conservation Association. -1990. - P. 126.

10. Order of the chairman of the Mazhilis on convening a joint meeting of the chambers of the Parliament / [Electronic resource]. URL: <https://www.altid.org.tr/en/bilgi-hizmet-tipi/turizm-istatistikleri> / (Accessed 01.08.2023).

11. Bert Smith, Frans Melissen. Regular customer experience design. Co-creation of experiences in events, tourism, and hospitality (Routledge publishing, New York. -2018, P. 77-78.

12. Қазақстан туристік қауымдастығы. Қонақ үйдің табысының құпиялары. Қонақ үй иелеріне арналған практикалық нұсқаулық [Электрондық ресурс]. URL: <https://hospitality-kazakhstan.kz/> (қаралған күні: 05.01.2021)

13. Сельский туризм, основанный на сообществах в Республике Казахстан [Электронный ресурс]. URL: <https://hospitality-kazakhstan.kz/2021/12/15/selskij-turizm-osnovannyj-na-soobshchestvah-v-respublike-kazakhstan/> (дата обращения: 15.12.2021)

14. Қазақстан туристік қауымдастығы. Қонақ үйдің табысының құпиялары. Қонақ үй иелеріне арналған практикалық нұсқаулық [Электрондық ресурс]. URL: <https://kaztour-association.com/> (қаралған күні: 04.01.2020)

15. A real journey. Global Wildlife Travel Index: the best wildlife travel destinations. [Electronic resource]. URL: <https://www.true.travel/journal/wildlife-travel-index> / (Accessed 08.01.2021)

Р.Е. Ағыбетова*¹, А.Т. Смайл², А.М. Касымова³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдықорган, Казахстан

Развитие экологических отелей в Республике Казахстан

Аннотация. Одним из главных вопросов является развитие экологических гостиниц в Республике Казахстан. В данной статье рассмотрены сущность и экономические функции зеленых гостиниц, дана информация, проанализированы история развития и статистические данные. Рассмотрен зарубежный опыт в данной сфере, проведена работа по сравнению с существующими в стране экоотелями. Кроме того, проведен анализ объемов работ и услуг экогостиниц в регионах Казахстана, выявлены их основные недостатки. В связи с поздним развитием предпринимательства в сфере экологического туризма, экогостиницы в Казахстане представлены возможности его развития. Из-за отсутствия в законодательстве стандартных норм и эко-знаков, исходя из зарубежного опыта, был предложен проект по созданию стандарта для экоотелей.

Потенциал и возможности развития этой отрасли в нашей стране очень высоки. Все предложения были специально разработаны для развития экологического туризма, привлечения туристов из-за рубежа, производства чистой, органической, отечественной экопродукции и услуг. Известно, что создание инвестиционной привлекательности будет способствовать решению проблемы устойчивого развития туризма и гостиниц, оказывать положительное влияние на здоровье населения, формирование экологического модуля мышления, а также на региональную и государственную экономику. Поэтому в статье отмечается, что развитие этой сферы в стране, рассмотрение с точки зрения как государства, так и местных предпринимателей.

Ключевые слова: экологический туризм, устойчивый отель, экоотель, экостандарт, эко-сертификат, экознак.

R.Y. Agybetova*¹, A.T. Smail², A.M. Kassimova³

^{1,2} L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³ Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

Development of ecological hotels in the Republic of Kazakhstan

Abstract. One of the main issues is the development of ecological hotels in the Republic of Kazakhstan. This article examines the essence and economic functions of green hotels, provides information, analyzes the history of development, and presents statistical data. The foreign experience in this area was reviewed, comparison was carried out with the eco-hotels in the country. In addition, an analysis of the volume of work and services of eco-hotels in Kazakhstan was carried out, and their main disadvantages were identified. Due to the late development of entrepreneurship eco-tourism, eco-hotels in Kazakhstan, the possibilities of its development are presented. Due to the lack of standard norms and eco-signs in the legislation, a project was proposed to create a standard for eco-hotels.

Taking into account the lack of development of legislative norms and the eco-labeling system, as well as relying on foreign experience, a draft standard has been developed for unique and specialized eco-hotels reflecting the specific features of our country.

The potential and prospects for the development of this industry in our country are assessed as high. All these proposals are aimed at developing a modern tourism economy, attracting foreign tourists, as well as ensuring the provision of environmentally friendly, organic and cost-effective products and services. Investments in eco-tourism contribute to the improvement of public health, the development of environmental education, and also have a positive impact on the regional and national economy. In this regard, the issues of development of this sphere, state support and attracting investments are considered as key conditions for ensuring the sustainable development of the tourism and hotel industry in the country.

Keywords: ecological tourism, sustainable hotel, eco hotel, eco standard, eco certificate, eco sign.

References

1. Dzhum T.A., Denisova N.I. Organizatsiya gostinichnogo khozyaistva [Organization of Hotel Management]. Moscow: Magistr: INFRA-M, 2019, 400 p. [in Russian].
2. Nikolskaya E.Y. et al. Ecological Certification of Hotel Business Enterprises: Programs and Technologies // Journal of Advanced Research in Dynamical and Control Systems, 4, 936–941 (2020).
3. Otto O.V. Vliyaniye ekologicheskogo faktora na razvitiye gostinichnogo biznesa [Influence of the Environmental Factor on the Development of the Hotel Business] // Nauka i turizm: strategii vzaimodeystviya [Science and Tourism: Interaction Strategies], 7(5), 24 (2020). [in Russian].
4. Suvorova I.N., Firsova A.E., Tsunaeva Yu.O., Vorob'eva N.A. Regional and Sectoral Economy // Economics: Yesterday, Today and Tomorrow, 2023, Vol. 13, Is. 4A.
5. Ulttyk statistika basqarmasy. Qazaqstan Respublikasynyn Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi. Qorshagan orta statistikasy [Statistics of the Environment]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/environment/stat-eco/> (accessed 28.06.2023). [in Kazakh].
6. Energy Solutions for Hotels (HES). Available at: <https://www.unwto.org/hotel-energy-solution> (accessed 28.06.2023).
7. Europe, conscious travel, green hotels [Electronic resource]. – 2019. Available at: <https://www.onetwotrip.com/ru/landings/about/news/pageNews/ecohotels/> (accessed 13.08.2019).

8. Alliance of Permanent Hotels. Certificates of Hotel Sustainability [Electronic resource]. Available at: <https://sustainablehospitalityalliance.org/wp-content/uploads/2021/06/Certifications-factsheet.pdf> (accessed 01.06.2021).
9. Vaske J.J., Kuss F.R., Greif A. Visitor Impact Management. National Parks and Conservation Association. Washington D.C., 1990. 126 p.
10. Order of the Chairman of the Mazhilis on convening a joint meeting of the chambers of the Parliament. [Electronic resource]. Available at: <https://www.altid.org.tr/en/bilgi-hizmet-tipi/turizm-istatistikleri/> (accessed 01.08.2023).
11. Smith B., Melissen F. Regular Customer Experience Design: Co-creation of Experiences in Events, Tourism, and Hospitality. New York: Routledge Publishing, 2018. pp. 77–78.
12. Qazaqstan turistik qauymdastygy. Qonaq úidin tabysynyn qúpiialary. Qonaq úi ielerine arналған praktikalıq nysqaýlyq [Secrets of hotel income: a practical guide for hotel owners]. [Electronic resource]. Available at: <https://hospitality-kazakhstan.kz/> (accessed 05.01.2021). [in Kazakh].
13. Selskii turizm, osnovannyi na soobshchestvakh v Respublike Kazakhstan [Community-based rural tourism in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <https://hospitality-kazakhstan.kz/2021/12/15/selskij-turizm-osnovannyj-na-soobshchestvah-v-respublike-kazakhstan/> (accessed 15.12.2021). [in Russian].
14. Qazaqstan turistik qauymdastygy. Qonaq úidin tabysynyn qúpiialary. Qonaq úi ielerine arналған praktikalıq nysqaýlyq [Secrets of hotel income: a practical guide for hotel owners]. [Electronic resource]. Available at: <https://kaztour-association.com/> (accessed 04.01.2020). [in Kazakh].
15. A Real Journey. Global Wildlife Travel Index: The Best Wildlife Travel Destinations. [Electronic resource]. Available at: <https://www.true.travel/journal/wildlife-travel-index/> (accessed 08.01.2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Ағыбетова Р.Е. – хат-хабар авторы, PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев к., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Смайл А.Т. – магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев к., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Касымова А.М. – PhD, доцент, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ілияс Жансүгіров көшесі, 187а, 040000, Талдықорған, Қазақстан

Сведения об авторах:

Ағыбетова Р.Е. – автор-корреспондент, PhD, доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатбаева, 2, 010000, Астана, Казахстан

Смайл А.Т. – магистр, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатбаева, 2, 010000, Астана, Казахстан

Касымова А.М. – PhD, доцент, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, ул. И. Жансугурова, 187а, 040000, Талдықорған, Казахстан

Information about authors:

Agybetova R.Y. – corresponding author, PhD, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satbayev st., 010000, Astana, Kazakhstan

Smail A.T. – master of Tourism, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2 Satbayev st., 010000, Astana, Kazakhstan

Kassymova A.M. – PhD, Associate professor, Zhetysu University after I. Zhansugurov, 187a I. Zhansugurov st., 040000, Taldykorgan, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).